



# «Ою оюдың жолдарын тәптіштеп түсіндірдім»: қолөнер шеберінің кезекті кітабы жарық көрді

**Елімізге белгілі қолөнер шебері, өлкетанушы Шөптібай БАЙДІЛДИННІҢ жаңа кітабы басылып шықты. Бұл еңбек ағамыздың қолынан шыққан ою – өрнектері жарияланған төртінші кітабы.**

Жаңа кітап «Қазақтың тұрмыстық ою-өрнектері» деп аталады. Басылымның жарық көруіне Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының ректоры Ержан Әмірбекұлы тікелей қолдау көрсеткен. «Короновирус дерті тараған уақытта, біраз уақыт үйде

лесіміздің бұған дейін ою – өрнек саласында үш еңбегі жарық көрген болатын. 2006 жылы «Өнер» баспасынан 350 оюы басылған «Қазақтың ою өрнектері» атты кітабы шықса, 2010 жылы 600 оюы Екібастұз қаласынан «Ою – ой, өрнек – сал» деген кітап болып, оқырман қолына тиді. Ондағы оюдың 500-неге

автор атая берген екен. 2019 жылы мемлекеттік тапсырыспен мыңға жақын оюы бес мың данамен Алматыдан «Оюмен ой айтқан елміз» деген атаумен жарық көрді. Бұл кітап Қазақстанның барлық кітапханаларына тегін таратылды.

Шөптібай Байділдәұлы –

шапта, біраң уағыт түде отырып қалдық қой. Сол уақытта ойған тұрмыстық оюларым осы кітапқа еніп отыр. Яғни, кілемге, сыр-маққа, алашаға, текеметке, дастарханға, төсек - орынға, сандықтың, кебеженің бетіне, жалпы айтқанда тұрмыста қанша зат қолданылса, соның барлығына лайық төрт жүздей деген ою дайындаған болатынмын. Институт басшысы Ержан Әмірбекұлының жана шырлығының, тікелей қолдауының арқасында осы еңбектерім елге танылғалы отыр. Кітап өнерлі жастарға, жоғарғы оку орынның студенттеріне, жалпы мектеп оқушыларына үлттық ою-өрнекті насиҳаттауға арналған. Мен мұнда «Ою ой, өрнек сал» деген бөлімде оюды қалай оятынын, қандай қайши, қарандаш, қағаз керектігін тәптіштеп жаздым. Зерек бала болса жазғанымды оқып отырып ақ, әрі қарай ою ойып кете алады», -дейді шебердің өзі.

Кітапқа Қойшығара САЛҒАРИН мен мұсінші жерлесіміз Сапарбек ҰЗАҚОВТЫҢ алғысөз, пікір берілген. Еңбек 344 беттен тұрады. Әр бетке бір және екі оюдан ғана орналастырылған. Сондай ақ, кітапқа ағамыздың Әлемдік «Шыңғысхан» академиясының «Құрметті академигі», төреден шыққан «Мәртебелі сұлтан» сынды атақтары жайлы ақпарат берілген.

Айта кетсек, жер-

Әлемдік Шыңғысхан Академиясының құрметті академигі, Абылайхан атындағы халықаралық конференцияның алтын медалінің және «Қазына» сыйлығының екі мәрте иегері, оюышы, қолөнер шебері, ҚР Үздік өлкетанушысы, Арқалық қаласының құрметті азаматы, ҚР үздік мәдениет қызыметкері, ҚР Үздік мемлекеттік қызыметкері, үш ою-өрнек кітабының, «Кейкі батыр», «Мұхиттан өткен қайық», «Санаулы ғұмырымдағы салалы ойларым», «Тарихымызды түгендейік» атты кітаптардың авторы.

Биылғы жыл ағамыз үшін жемісті болғаны анық. Яғни, ағымдағы жылдың өзінде «Өнерлі отбасы» сайысының қалалық кезеңінен жанұясымен жеңімпаз атандып, «Қазақстанның үздік мәдени қызыметкері», Қостанай облысының «Мәдениет саласының үздігі», «ҚР үздік қызыметкері» диплом – төсбелгісін иеленді.

Ағамыз әркез ізденіс үстінде жүріп, еңбек-корлығымен, ерекше талант – қабілетімен зор жетістіктерге жетіп келеді. Қолөнер, өлкетану саласында үрпақ игілігі үшін ауқымды еңбек атқаруда. Олай болса, жерлес – қадірлі азаматымызға қажырлы қайрат, темірдей мықты денсаулық тілейміз. Елдің ықыласына бөленіп, аман жүріңіз!